

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 202 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған 2017 жылғы 13 тамызда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

B. Сагынтаев

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 8

ж ы л ф ы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

№

2 0 2

1 8

с ә у і р д е г і

бекітілген

қ а у л ы с ы м е н

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі,

ұлттық және бірлескен ғарыштық бағдарламалар мен жобаларды және іс-шараларды жүзеге асыру үшін құш-жігерді біріктірудегі өзара мүдделілікті ескере отырып,

Тараптар мемлекеттерінің ұйымдары арасындағы ғарыш қызметі саласындағы ғылыми-техникалық және өндірістік коопeraçãoлық дамудың және олардың арасындағы ынтымақтастықтың нысанын бірізділікпен жетілдірлудің маңыздылығын үғына отырып,

Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуы үшін ғарыштық ғылым мен техникасының маңызын түсіне отырып,

1967 жылғы 27 қаңтардағы Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекеттер қызметінің

қағидаттары туралы шарттың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы қатысушылары болып табылатын ғарыштық қызмет саласындағы басқа да көпжакты шарттардың ережелерін назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап Үнтымақтастық негіздері

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу мен пайдалану саласындағы, Тараптар мемлекеттерінің экономиканы, ғылымды ілгерілету, қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және әлеуметтік даму мүддесінде ғарыш технологияларын өзірлеу мен енгізу дегі ынтымақтастықты реттейді.

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес халықаралық құқықтың жалпыға танымал қағидаттары мен нормалары сақтала отырып және Тараптардың өз міндеттемелерін орындаудына әрі олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша залал келтірілмей жүзеге асырылады.

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық мынадай:

Тараптар мемлекеттерінің тен құқығы мен мүдделерін өзара есепке алу;

бірлескен ғарыш қызметін мемлекеттік қолдау;

ынтымақтастықтың ұйымдық және экономикалық нысандарын ұтымды таңдау;

осы Келісім шеңберінде бірлескен жобаларды, бағдарламалар мен іс-шараларды жүзеге асыру барысында берілген және құрылған меншік, оның ішінде зияткерлік меншік құқықтарын реттей мен қорғау;

бірлескен қызмет арқылы жүзеге асырылатын экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

2-бап Құзыретті органдар

Тараптар осы Келісім шеңберінде ынтымақтастықты үйлестіруге және дамытуға жауапты құзыретті органдар (бұдан әрі – құзыретті органдар) ретінде:

Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасының Корғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігін (Аэроғарыш комитеті);

Беларусь тарапынан – Беларусь Ұлттық ғылым академиясын тағайындейды.

Осы Келісімді іске асыру мақсатында құзыретті органдар Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес:

осы Келісім шеңберінде бірлескен бағдарламаларды, жобалар мен іс-шараларды орында үшін бас орындаушыларды – олардың меншік нысандарына қарамастан, өз мемлекеттерінің ұйымдарын тағайындейды;

ынтымақтастықтың бірлескен бағдарламаларын, жобалары мен іс-шараларын жоспарлауды жүзеге асырады және іске асырылуын бақылайды;

қажет болған жағдайда, осы Келісімді іске асыруға байланысты қызметті үйлестіру мақсатында арнайы комиссияларды немесе жұмыс топтарын құрады.

3-бап Үнтымақтастық салалары

Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастық мынадай:

- ғарыш кеңістігін зерттеу;
- Жерді қашықтықтан зондтау;
- ғарыш аппараттарын, шыгару құралдарын және ғарыш қызметіне байланысты өзге де жабдықты әзірлеу;
- жерүсті ғарыш инфракұрылымын құру және дамыту;
- ғарыш аппараттары мен ғылыми аппаратураны ұшыру;
- жерсеріктік навигациялық жүйелер мен технологиялар;
- жерсеріктік байланыс және хабар тарату жүйелері мен технологиялар;
- ғарыш медицинасы және биология;
- ғарыш ортасын бақылауды, оған техногендік әсердің алдын алууды және оны қысқартуды қоса алғанда, оны қорғау;
- ғарыш саласы қызметіндегі стандарттау салаларында жүзеге асырылады.

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастықтың басқа салалары Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының өзара уағдаластығы бойынша айқындалады.

4-бап Үнтымақтастық нысандары

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық мынадай:

- бірлескен бағдарламаларды, жобалар мен іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру;
- ғылыми және техникалық ақпаратпен, арнайы біліммен, эксперименттік деректермен, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар нәтижелерімен және ғарыш техникасы мен технологияларының әртурлі салаларындағы материалдармен өзара алмасу;
- ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу мен пайдаланудың мемлекеттік бағдарламаларына, сондай-ақ ғарыш технологияларын практикалық қолдану және ғарыш инфракұрылымын дамыту саласындағы халықаралық бағдарламалар мен жобаларға қол жеткізуге өзара жәрдемдесу;
- ғарыш аппараттарын ұшыру және басқару үшін жерүсті объектілері мен жүйелерін пайдалану;
- кадрларды даярлау бағдарламаларын ұйымдастыру, мамандармен және ғалымдармен алмасу;
- бірлескен симпозиумдар, конференциялар мен басқа да осындай іс-шаралар өткізу;

мамандандырылған көрмелерге, жәрменкелерге және басқа да ұқсас іс-шараларға қатысу;

ғарыш технологиялары мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық нарығында әріптестіктің әртүрлі нысандарын дамыту;

ғарыш қызметін жүзеге асыруда өзара техникалық жәрдем және көмек беру;

осы Келісім шенберінде бірлескен қызметті іске асыруға тартылған және Тараптар мемлекеттерінің министрліктері, ведомстволары, кәсіпорындары және ұйымдары арасында тікелей байланыстар орнату нысандарында жүзеге асырылады.

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өзара уағдаластық бойынша ынтымақтастықтың өзге де нысандарын қосымша айқындай алады.

5-бап Зияткерлік меншік

Осы Келісімді іске асыру шенберінде берілетін және жасалған зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау Тараптар мемлекеттерінің халықаралық міндеттемелеріне және заңнамаларына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Бірлескен жобалар, бағдарламалар мен іс-шаралар шенберінде берілетін және жасалатын зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды бөлу, қолдану және оларға иелік ету талаптарын құзыретті органдар немесе бас орындаушылар жекелеген келісімдерде немесе келісімшарттарда (шарттарда) айқындайды.

6-бап Ақпарат алмасу

Тараптар таралуы шектеулі ақпарат пен мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, осы Келісім шенберінде бірлескен қызметке жататын ғылыми және техникалық ақпарат алмасуға ықпал етеді.

Бірлескен жобаларды, бағдарлама мен іс-шараларды іске асыру кезінде алынған ғылыми және техникалық ақпарат Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарына қолжетімді болады.

Осы Келісім шенберінде құпия ақпарат алмасу және онымен жұмыс істеу Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады және бірлескен жобалар, бағдарлама мен іс-шаралар бойынша жекелеген келісімдермен регламенттелуі мүмкін.

Бір Тараптың құзыретті органы немесе бас орындаушылары екінші Тараптың құзыретті органының немесе бас орындаушыларының алдын ала келісімінсіз бірлескен жобалардың, бағдарламалар мен іс-шаралардың мазмұны туралы, оларды жүзеге асыру барысында алынған нәтижелер мен деректер туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы Келісім шенберінде алмасуы жүзеге асырылатын ақпаратты үшінші Тарапқа беруге немесе жариялауға құқылды емес.

7-бап Мұлікті қорғау және технологияларды күзету жөніндегі шаралар

1. Әрбір Тарап өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес оның аумағындағы және осы Келісім шеңберінде бірлескен қызметте пайдаланылатын екінші Тарап мүлкінің құқықтық және физикалық қорғалуына жәрдемдеседі.

Бірлескен қызмет шеңберінде пайдаланылатын мұлікті қорғау мәселелері нақты ғарыш жобаларын іске асыру жөніндегі жекелеген келісімдерде немесе келісімшарттарда регламенттелуі мүмкін.

2. Тараптар бірлескен қызмет шеңберінде қажет болған жағдайда технологияларды қорғау жөнінде шаралар туралы келісімдер жасасады немесе оны жасасуда бас орындаушыларға жәрдемдеседі.

8-бап Экспорттық бақылау

Осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастықты Тараптар өз мемлекеттерінің экспорттық бақылау саласындағы заңнамаларына сәйкес және Тараптар мемлекеттерінің тиісті халықаралық-құқықтық міндеттемелеріне залал келтірмей жүзеге асырады.

9-бап Қаржыландыру

Бірлескен жобалар, бағдарламалар мен іс-шараларды іске асыруға байланысты қызметті қаржыландыру келісімшарт (шарт) негізінде Тараптар мемлекеттерінің бюджет қаражаты (ұлттық ғарыш бағдарламалары шеңберінде), сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес бюджеттен тыс көздер есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

Бірлескен жобалар, бағдарламалар мен іс-шаралар бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті Тараптар мемлекеттерінің қаржы қаражатының көлемдері үлестік қатысу қағидатын ескере отырып және әрбір Тараптар мемлекеттерінің мұдделеріне орай орындалатын жұмыстар көлемдеріне сүйене отырып айқындалады.

10-бап Дауларды реттеу

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындаитын даулар Тараптардың құзыретті органдарының арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

Егер дауды Тараптардың құзыретті органдары реттемесе, ол дипломатиялық арналар бойынша Тараптар арасындағы консультациялар немесе келіссөздер арқылы шешіледі.

11-бап Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің күшіне енуі үшін көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап Қорытынды ережелер

Осы Келісім он жылға жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік ресімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар бойынша алынған құннен бастап күшіне енеді. Егер Тараптардың бірі кезекті кезеңнің аяқталуына дейін кемінде алты ай бұрын оның қолданысын тоқтату туралы өз ниетін екінші Тарапқа дипломаттық арналар бойынша жазбаша нысанда хабарламаса, бұдан әрі оның қолданысы келесі бес жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда оның ережелері, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, барлық аяқталмаған бірлескен жобаларға, бағдарламалар мен іс-шараларға қолданылуын жалғастырады. Осы Келісімнің қолданысын тоқтату қаржылық немесе өзге сипаттағы қолданыстағы шарттық міндеттемелерді бір жақты тәртіппен қайта қарау немесе сақтамау үшін құқықтық негіз болып табылмайды және оның қолданысы тоқтатылғанға дейін осы Келісімнің шенберінде туындаған занды және (немесе) жеке тұлғалардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

2017 жылғы 13 тамызда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, беларусь және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін пайдаланылатын болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін*